

Тойшыбек  
ИПҰЛЫ

АЙДА ЕСТІЛГЕН

АЗАН



Жана  
поздрав!

Забыва  
милеткен  
У сокилем

Жуно  
29.11.2016ж

Тойшыбек  
ИПҰЛЫ

АЙДА ЕСТІЛГЕН  
АЗАН

Астана-2006

ББК 84 Қаз 7-5  
И 98

**И 98 Иіпұлы Т.**

**Айда естілген азан.** Поэма, өлеңдер, толғаулар.  
– Астана, 2006. – 132 б.

ISBN 9965-35-053-1

*Бұл жинаққа балалар ақыны Тойшыбек Иіпұлының жаңа дастандары, өлеңдері және толғаулары енгізіліп отыр. Кітапқа автордың жаңа туындыларымен қатар бұрын жарық көрген шығармалары қайта өңделіп, толықтырылып енгізілді. "Айдағы естілген азан", "Қайран Ана, киелі" және "Ана туралы аңыз" атты толғаулары бұрын қалың оқырманды бір қуантса, сиясы кеппеген жаңа туындысы – "Айдағы әйел мүсіні мен адам ізі" атты дастаны оқырманын тағы бір әдемі сырға бөлемек. Автордың жаңа ел ордасы — Астанаға арналған поэзиялық ой-тамшылары қалың оқырман қауымның ойынан шығар деген ойдамыз.*

*Сәттілік тілейміз!*

И  $\frac{4702250202}{00(05)-06}$

ББК 84 Қаз 7-5

ISBN 9965-35-053-1

© Иіпұлы Т., 2006  
© Астана, 2006

*Ардақты әкем, аяулы  
анамның рухына осы  
еңбегімді бағыштаймын.*

*Автор*

## **Алғы сөз**

Тойшыбек Иіпұлының жинағына енген өлеңдер, дастан, толғаулар және ән мәтіндері ақынның бір сәттік көңіл-күйден емес, ұзақ ізденістерден туғандығы көрініп тұр. Олай дейтініміз, мұндағы толғау-дастандарда қамтылған оқиға аясы мен уақыт аралықтары бірнеше жылдарды қамтиды. Ақынның өз замандастарының көңіл-күйін, ішкі толғаныстарын жырға қосуы, өлең жолдарының өміршеңдігін, шыншылдығын танытады. Ол өзінің көрші-қоландарын жазсын, мейлі ағалары туралы сыр шертсін, бәрінде де уақыт үні, уақыт тынысы, ақын жүрегінің лүпілі анық танылып отырады. Тағы бір өлең "Уақыт үні" деп аталады. Жинақты осылай атауға да болар еді, бірақ, бұл аттас кітаптар қазақ әдебиетінің барлық жырлары бойынша талай жарық көрген. "Аполлон-11" және айда естілген азан" атты дастанның сыры мол. Мұнда автор американ ғарышкерлерінің Ай планетасына барып қонған кезде естіген құран сөздері жайлы, сонда шақырылған азанның басқа дін өкілдеріне еткен үлкен әсері хақында сөз қозғайды. Бұл әйгілі оқиғаны автор поэтикалық шабытпен, ерекше эмоциямен, тылсым сыршылықпен айта біліпті. Келесі бір дастан "Қайран ана, киелі!" деп аталады. Өткен ғасырда майданға аттанған ұлын ананың әлі күнге дейін күтіп жүрген жүрегі, ұлы сағынышы оқушыны бей-жай қалдырмақ емес.

Тойшыбек Иіпұлы – өлең-толғаулармен бірге ән мәтіндерін, сахнаға арналған шағын қойылымдардың да авторы. Ондай шығармалары кезінде көрермендер тарапынан жылы ілтипат алды.

Тойшыбек Иіпұлының бұл қолжазбасын жарыққа шығаруға ниет білдіретін қамқоршылар табылып жатса, олар игілікті істі қолға алған боп табылар еді.

*Дулат Исабеков,  
Жазушы,  
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты*

## Толғаулар

---

Осы дастанды соғыстан қайтпаған балаларын көздері жұмылғанша аңсап, бір көруге зар болып кеткен асыл аналарға арнадым.

### Қайран Ана, киелі

#### *Арнау*

Жасауға Ана бейнесін,  
Көп жүрдім іштей толғанып.  
Ағыттым жырдың түймесін,  
Оқышы достым, қолға алып.

Көзіммен көрдім бәрін де,  
Қуаныш-қайғы сәттерін.  
Тыңдадым мұңды әнін де,  
Өксікке толып дәптерім.

Ізгілік шашқан жүзінен,  
Шоқ болып жанды өлеңім.  
Бір ғасыр басқан ізімен  
70 жыл басып келемін.

Танданып қажыр-күшіне,  
Жаттадым асыл сөздерін.  
Ғажайып Ана ісіне,  
Қуә бол, халқым, өздерің.

Сұрапыл соғыс басталып,  
Тас-талқан етіп дүниені.  
Боздақтар жатса аттанып,  
Егіліп қарттар, арулар,  
Аналар қалды-ау, киелі.

Дүрлікті халық жиналып,  
Соғыстың беті тым қатты.  
Тұрғанда бәрі қиналып,  
Қиылған қасы, сымбатты,  
Ортадан шығып жарқылдап,  
Жас Ана көпке тіл қатты:

Тоқтаңдар түге, жыламай;  
Тыңдаңдар! Жас та, үлкен де,  
Айбынды даусын даламның.  
Ұмыттыңдар ма, бұл күнде  
Дәстүрін, салтын бабамның?..

Қайғыға батып камықса,  
Қасиетті мынау елге, сын.  
Иіліп қоға-борықша,  
Түңіліп жаудан торықса,  
Қайратты туған ерге сын!

Намыстан, оттан жаралған,  
Өлімге қарсы тұра алар.  
Қаймықпай өртке бара алған,  
Аман-сау елге оралар.



## Ұлдарым менің

Арыңнан жаның садаға,  
Қорғамақ елді, бізді кім?  
Қалмасаң күлкі, табаға  
Ертеңгі тәуелсіздің:

Сендерсің қалқам, тірегім,  
Қорғаныш болмақ енді кім?  
Қайрат пен намыс білемін,  
Ертеңгі, егемендігің.

Жолдарың болып ұлдарым,  
Жаратқан ием жар болсын!  
Жазылмай жұбың жүр бәрің,  
Жолбасшың намыс-ар болсын!

Тамырың жатыр тереңде...  
Танытар өзін Ер бүгін.  
Паш етіңдер әлемге,  
Көшпелі қазақ ерлігін.

Қантөгіс шайқас, атыста,  
Жалмады жанды гүрілдеп.  
Қарайды Ана батысқа,  
Кемсеңдеп ерні дірілдеп...

Тас емшекті жібіткен,  
Тар құрсақты кеңіткен,  
Ерінді балдай еріткен,  
Жаратылған беріктен,

Көмкерілген көріктен,  
Қошақаным, Жанайым,  
Мейірің асып дұшпаннан,  
Ақ жолын берсін, құдайым.

60 жыл өтті оған да,  
Қас қағым сәтте сынаптай.  
Өзгерді өмір, қоғам да,  
Жаңа бір тыныс, шырақтай.

100-ге жетті сол ана  
Жарысып сағым, желменен  
Арманы, мұңы бір ғана –  
Күтеді ұлын келмеген.

## Соңғы түс

Ұмытпас, әркім есінде,  
Соғыстың салған жарасын.  
Қарт Ана көрді түсінде  
Әскерден қайтқан баласын.

Құлыным-ау, сен бе едің,  
Келіп қалдың, қай жақтан?  
Отырмын күтіп өлмедім,  
Түстің бе күннен, ай жақтан.

Тәңірі ием, жер-аспан,  
Сүйіншіңді ал, балаң келді деп.  
Біреулер, бәсе, қате айтқан,  
Құлынымды өлді деп.

Ей, көршілер, туысқан!  
Қария, аға, жасың бар,  
Айтпай-ақ сырды ұғысқан,  
Сандығым шашу, ашындар!

Не ғып тұрсың абысын,  
Іс тындырар көбірек.  
Тұтатып ағаш, қамысын,  
Шайыңды қойшы тезірек.

Әй, қайным-ау... Өзілім...  
Бұрыл шашым, "қағынған",  
Тойыңның жасап мәзірін,  
Малыңды жеткіз, табыннан.

Жалғыз тұяқ Бегімнен,  
Айналайын, Келдібек!  
Сүйінші сұра елімнен,  
Бектің ұлы келді деп!

Өтсе де зырлап жыл талай,  
Қалыпсың ботам, өзгермей.  
Өксіктеп туып жыр талай,  
Қалса да міне, көз көрмей.

Санадым әр кез жыл құсын,  
Оралар бірге күнім деп,  
Аңсадым сыңғыр күлкісін,  
Тұрғандай содан үнің кеп.

Ақтадың ба еліңнің,  
Аманатын, намысын?  
Сақтадың ба, жеріңнің,  
Тау-орманын, қамысын?

– Анашым, апа, тыңдағын,  
Қателік болса, кешіргін.  
Жүрекке құйып сыр бәрін,  
Мәпелеп мәз ғып өсірдің.

Жүрекке құйдың ерлікті,  
Болмасын таба жауға деп.  
Бағалай біл де тірлікті,  
Сұрамай қастан сауға деп.

Ақ сүтінді ембесем,  
Көгіне көктің енбес ем.  
Айбынынды бермесен,  
Талқандап жауды жеңбес ем.

Қайратынды көрмесем,  
Шүйлігіп жауға қонбас ем.  
Алақаныңды сезбесем,  
Қорғаныш елге болмас ем.

Қарт Кремль түбінде,  
Салдық қой жауға әлекті.  
Даңқымыз аспан көгінде,  
Бар әлемге жар етті.

Қасиетті Еділ жерінде,  
Тас-талқан етіп дұшпанды.  
Ұлдарың Апа, тегін бе,  
Көрсеттік қайтіп қысқанды.

Курскінің түбінде,  
Танкілер шығып жекпе-жек.  
Айналып темір үгінге,  
Айқастық жаумен бетпе-бет.

Ышқынып дұшпан, дем бітіп,  
Айналды қашқын тобырға.  
Сөйлеген кеше кемітіп,  
Сазайын бердік обырға.

Қабағы қату ер де сен,  
Ұлан байтак ел де сен,  
Асқар тау, орман, көл де сен.  
Көк-ала майса жер де сен,  
Ұрпаққа бәрін сый еттің  
Бар әлем куә, сенбесен!

Айтшы, кім құртпақ тірлікті,  
Аспан тау, жерді, дүниені.  
Таптамақ ол бірлікті,  
Өмірді, гүлді киелі.

Өмірді құрту мүмкін бе?  
Аналар тартқан сыйлыққа!  
Мастанған сұмдар бір күнге,  
Қол созған соқыр бұйрыққа.

Кектеніп халық туласа,  
Ерлігінде көз болмас.  
Соғыс құмар тумаса,  
Соғыс деген сөз тумас.

Азат еттік құлдықтан,  
Ұл-қыздарын көп елдің.  
Жан түршікті сұмдықтан,  
Жыр ғып айтып берермін.

Жеттік сөйтіп Берлинге,  
Қанды қолдар жиналған.  
Қандай азап көргенге,  
Талай жандар қиналған.

Төгілді кекті қорғасын,  
Қамалға, дотқа, тегіспе.  
Талқандап жаудың ордасын,  
Осылай жеттік жеңіске!

– Жарамадың бір келіп,  
Қарттарға сәлем беруге.  
Ерлікті жеңсе – еркелік,  
Балама балам сенуге.

Сағынбадың сен қалай,  
Кіндік кескен жерінді?  
Арнаған саған жыр талай,  
Ұлан байтақ елінді.

Сағынбадың сен қайтіп,  
Достарыңды бірге өскен?  
Сар далаңды сарғайтып,  
Самалы соғып, желі ескен.

– Сағындым бауыр, досымды,  
Сағындым туған жерімді,  
Сағындым күлкі қосымды,  
Сағындым байтақ елімді.

Келермін жылда өзіңе,  
Құттықтап тоймен торқалы.  
Еркелеп шығып төріме,  
Қуантып елді, ортаны.

Арманым еді анашым,  
Болсам деп алды көшіңнің.  
Алысқа кеткен балашың,  
Аңсады-ау иісін төсіңнің.

– Көрмедің бе әкенді,  
Өзіңмен жаным бір кеткен.  
Көрмедің бе Бекемді...  
Еркелеп елі үлгі еткен?

– Қайран әкем – Асқартау,  
Қаһары бар кәрінде.  
Киліккенде тұстан жау,  
Талқандапты бәрін де.

Көкешім, соғыс өртінде  
Өтіпті талай өр, белден.  
Туыскандар, бейітінде  
Құрметпенен жерленген.

– Достарын қайда, Жанайжан?  
Бірге аттанған өзіңмен.  
Отыр ғой күтіп талай жан,  
Айрылып тағат-төзімнен.

Соғыстың салған зардабы,  
Есінде халық сақтады.  
Елімнің небір ардағы,  
Жеңіспен елге аттанды.

Ана мен Әке жол торып,  
Келмеген күтер баласын.  
Бос қалған жерге ел қонып,  
Орнатар әсем қаласын.

– Сұрапыл дауыл өтсе де,  
Талқан болып қас дұшпан.  
Есерлер көп әлі де,  
Қолтығына тас қысқан.

Қанды-құйын көксейді,  
Өлім оғын атқандар.  
Сақ болмасақ кешпейді,  
Төмпешік боп жатқандар.

Қорғап жүрміз сондықтан,  
Әлемнің тыныш аспанын.  
Құтқарған елін қорлықтан,  
Халқымның ерлік, дастанын.

– Айналайын, ақ қозым,  
Сарыла күттім қаншама.  
Тұрғанмен өлім қол созып,  
Ризамын қазір алса да.

Қалмасаң болды теңнен  
Жоғалтпай әкең жұрымын.  
Айналдым қара меңіңнен  
Қошақаным, құлыным.

Келген соң бәрін кешірдім,  
Өтпесін бақыт жолыңнан.  
Сөзі ғой айтқан жесірдің...  
Дәм татшы балам, қолымнан.

– Береке мол ғой, асында,  
Дәм татқан жас та, кәрі де.  
Бола алмаймын қасыңда  
Борышым көп әлі де...

– Кетпеші, балам, тағы да,  
Сарғая күттім қаншама.  
Ризамын енді тағдырға,  
Алдыңда қазір алса да.

Кетпеші, балам, тоқташы.  
Төрімнің иесі, құт бағым.  
Өзің ғой енді от басы,  
Кім жалғар әке ұрпағын?

60 жыл күттім өзінді.  
Сағыныш, мұнмен, күдікпен.  
Түсінсем ботам, сөзінді.  
Үздің ғой соңғы үміттен...



Әмірің жүрген жер-көкке,  
Келтіріп пендең тәубесін.  
Туып па адам ермекке,  
Жаратқан ием, қайдасың?

Тигізіп бүкіл пендеңе,  
Құран-кәрім пайдасын.  
Үнсіз жатсың сен неге,  
Пайғамбар-ау, қайдасың?

Сақтайтын жебеп от көзден,  
Өзінше салып таңбасын.  
Пәктікті іздеп көк кезген,  
Періште-аруақ қайдасың?

Ынтымақ – бірлік көксеген,  
Аралап дала, тау-тасын.  
Татулық-достық көксеп ең,  
Қыдыр бабам қайдасың?

Гүл жайсын өмір десеңдер,  
Қанішер сұмдар оңбасын.  
Ел қамын ойлар көсемдер,  
Қиындық кезде қайдасың?

Кім ойлар қамын халықтың,  
Топалаң тиіп тоғысқан.  
Көрсетіп жолын жарықтың,  
Тәңірім, құтқар соғыстан.

Нұр шашпаса күнге сын,  
Жалт етпесе айға сын.  
Өр болмаса ерге сын,  
Жалғызым менің, қайдасың?

Көңілге көп сыр түйе алмай,  
Ғашықтық дертке күйе алмай,  
Қыршын кетті-ау боздағым,  
Таңдаған жарын сүйе алмай.

Оралмай белге ақ білек,  
Сағым боп ұшты-ау ақ тілек.  
Арманда кеткен құлыным,  
Тоқтады қайда ақ жүрек?!

Сипамай шаштан "ақ тарақ",  
Қиялда қалды-ау бақ-талап.  
Өксікпен кеткен боздақтар –  
Ашылмаған ақ парак.

Қарғыс атсын соғысты!  
Қанатын ердің қайырған.  
Қарғыс атсын соғысты!  
Анадан бала айырған.  
Қарғыс атсын соғысты!  
Қасірет-қайғы әкелген.  
Қарғыс атсын соғысты!  
Айырған талай Бекемнен.  
Қарғыс атсын соғысты!  
Ажал өртін қоздатқан.  
Қарғыс атсын соғысты!  
Айырған жайсаң боздақтан.

...Қиындық басқа түскенде,  
Қорғадың елдің бақ-құтын.  
Өмірлік болмас еш пенде,  
Кештім, Ана ақ сүтін.

Мінгейсің тұлпар пырақтан,  
Жарқырап маңың шырақтан.  
Қыршын кеткен боздағым,  
Мекенің болсын жұмақтан!

Бас иіп аспан жұлдызы,  
Шапағат шашып нұр жүзі.  
Игілер жүріп қасында,  
Жолдасың болсын хор қызы.

О киелі жер, аспан!  
Жарқыраған асыл Ай!  
Алтын күнім нұр шашқан,  
Тұрындаршы осылай.

Бас иіп әлем бәріңе,  
Сендерден тірлік таралған,  
Дақ түспесін тәніңе,  
Ақ ниеттен жаралған.

Көрмесін пенде, ғаламат  
Соғыс атты қырғынды.  
Сақтандар ей, адамзат,  
Тіршілікті бір күнгі.

Талай жыр саған арнаған,  
Қараудан көзі талмаған,  
Өмірі өксіп сарнаған,  
Аналардың зарлаған –  
Айналайын, Жанайым,  
Соңғысы мен-ақ болайын.

Қолынан ұстап ұлының  
Ұстағандай бақ құсын.  
Деді де Ана: "Құлыным"  
Әлсірей ашты ақ түсін...

Иіліп қайың, бәйтерек,  
Қыр асып, тау шың безгендей.  
Сыңсиды бәрі – тал-терек,  
Қасірет мұнын сезгендей.

Күрсініп күн де төбеден,  
Төкпеді нұрлы шуағын.  
Алтын ай көкте көреген,  
Білмеді қайдан туарын.

Көк толқын шашып көбігін,  
Сабалап жатты жар басын.  
Асау жел басып желігін,  
Қара бұлт төкті көз жасын.

Сар дала тұрды еңіреп,  
Тарылтып дархан өрісін.  
Торпақсыз сиыр мөңіреп,  
Айналды қазық желісін.

Арнадан асты шыдамай,  
Өзен-көл, мұхит толқындап.  
Өзер тұр шыңдар құламай,  
Жер Ана жатты солқылдап.

Бас иіп Ана күшіне,  
Үн қатты таулар жаңғырып,  
Баласын құшып түсінде,  
Көз жұмды Ана мәңгілік.

## Эпилогы

Қайран Ана, киелі,  
Халқымның намыс-арысың!  
Уақыт – тарих жүйелі,  
Әділет, шындық бары шын.

Шаттанып көрдің өзін де,  
Еркіндік елің алғанын.  
Айтушы ең әрбір сөзінде:  
"Осы еді нағыз арманым!"

Киелі болар өзіндей,  
Қыздарың өсіп келеді.  
От жанған балаң көзіндей,  
Ұлдарың өсіп келеді.

Тамсантаып бөбек, сал әнге,  
Тәуелсіз елміз, еркінбіз.  
Танытты бүкіл әлемге.  
Тұңғыш Президентіміз.

Таңымыз атты нұр шашып,  
Туымыз көкпен таласып.  
Толқиды көңіл жыр шашып,  
Талай бір ұлттар жарасып.

Соғысқа жол жоқ, болмайды,  
Сөнбейді Ана жанары.  
Гүл жайған жапырағың солмайды,  
Заң – осы, өмір талабы.

Аналар түпсіз терең сыр,  
Нұр шашып тұрған жаңғырып.  
Арналған дастан, өлең-жыр  
Ескерткіш болсын мәңгілік.

## **Ана туралы аңыз**

### **Күмісайға арнадым**

#### *Толғау*

Мен білмеймін бұл аңыздың шындығын,  
Жүрек тулап шықпай қойды мұңды үн.  
Естігенде тебіреніп, толғанып,  
Көп егілдім өкпе қысып, шындығым.

...Келе жатты поезд жүйткіп зымырап,  
Күн де ыстық бітер емес жол да ұзап.  
Толған адам вагон іші көңілді,  
Ойын-күлкі тыныққан соң күнде ұзақ.

Күбір-күбір, әңгімелер, өлеңдер,  
Көп дауысқа кім де болса елеңдер.  
Тына қапты бетке соққан самал жел,  
Құлақ салып тау, ормандар, белеңдер.

Кербез таулар керіледі көкке өрлеп,  
Сан ғасырлар салған сәндеп бетке өрнек,  
Мұз құшақтап, қар жамылып жатса да,  
Көрген емес мың тірліктен шеткерлеп.

Ну ормандар сапқа тұрған тізіліп,  
Жатыр жерде моншақтары үзіліп.  
Алуан гүлдер көздің жауын алады,  
Ғашық жардай көптен күткен сүзіліп.

Толтырып ап алып өзен арнасын,  
Құдіретті күш иесі болғасын.  
Алтын күнмен шағылысып ақ толқын,  
Ұрғылайды көбік шашып жар басын.

Жарысқандай барлығы да поезбен,  
Қатарласып кең далада бой тізген.  
Темір жолда мың бұралып вагондар,  
Қоштасқандай артта қалған сүр ізбен.

Машинистер отыр алда қырағы,  
Бұл аймақтың таныс орман, бұлағы.  
Көп тағдыры қолдарында болған соң,  
Елең етіп жат дыбысқа құлағы.

Зымырайды жер кемесі екпіндеп,  
Елемейді ұзақ жолды көп күн деп.  
Арындайды, пысқырады жер тарпып,  
Оқыс-оқыс кейбір сәтте селкілдеп.

Күн еңкейіп, қызыл шоққа бөленді,  
Нән табақтай аумағы да көлемді.  
Иек артып, көк жиектен сығалап,  
Дегендей-ақ "Мүсінімді көр енді".

О, Алтын күн, жұмбақ сырың қаншама,  
Бердің өмір, күллі әлемге, баршаға.  
Қимасыңмен қоштасқандай аяулы,  
Неге бүгін тұрып қалдың соншама?

Бара жатсың кімді қимай аяулы,  
Түн тұрғыны білмей ме әлде аяуды.  
Жарығыңды сондықтан да мол шашып,  
Баспақысың көңіліңді қаяулы?

Сезесің бе, әлде жайсыз бір жайды,  
Тұрған күтіп уақытты ыңғайлы.  
Батарыңда сонша неге түнердің,  
Болатындай дәл осы түні бір қайғы.

Қос машинист қатар отыр мызғымай,  
Дей ме отырсын көп қонақтар ызғымай.  
Даяшылар кофе, шайын беріп жүр,  
Өздеріңе белгілі ғой түнгі жай.

Кенет тұлпар осқырынды ақырын,  
Көргендей-ақ аяулысын, жақынын.  
Кібіртіктеп жүре алмайды, не болды?  
Түк болмаған талай жолдар шақырым.

Қос машинист қарай берді жолына,  
Барлық өлшем, приборлар оында.  
Алдарында біреу жүрген секілді,  
Желпілдеген көйлек әлде тоны ма?

Көрдi екеуi "тоқта" деген белгiсiн,  
Алдарында жас келiншек тұр мүсiн.  
Елестейдi, абыржу бар түрiнде,  
Екi қолы – қос қанаты дермiсiң?

Қатарласып, кейде қатар ұшқандай,  
Жас жүрегiн ауыр азап қысқандай.  
Алға түсiп жүгiредi кес-кестеп,  
О, жасаған, бұл ғаламат, күш қандай?

Бiрде үстiне қара киiм жапқандай,  
Өн бойына қайғы, азап батқандай.  
Тағы да әйел "тоқта" дейдi қол бұлғап,  
Аяулысы, жақыны өлiп жатқандай.

Жасқа толған екi көзi бұлақтай,  
Шыбын жаны шұрқырайды құрақтай.  
Дегендей-ақ екi қолын жаяды,  
Түсiнетiн бар ма адам сұратпай.

Желбiрейдi желмен шашы гулеген,  
Көкiрегi қарс айрылып "yh" деген.  
Екi өкпесiн қолына алып келедi,  
Ақ жүрегi шошынды екен бұл неден?

Жасқа толып қасiреттi жанары,  
Жүгiргенде жерге тырс-тырс тамады.  
Тұра қалып жан-жағына қарайды,  
Шарасыздан құрығандай амалы.